

Қазақстан Республикасында қолма қол ақша айналымын жүзеге асыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы: Қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларды жүзеге асыруды реттейтін заңнама.

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – *Ұлттық Банк туралы заң*, талданатын саланы тікелей *Ұлттық Банктің аталған кіші саладағы өкілеттіктерін айқындайтын заңның 8-бабы 5), 8-1), 8-2), 8-3), 20), 24-2) және 35) тармақшалары және 15-бабы 2-тармағының 17) тармақшасы реттейді*);

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы (*Ұлттық Банк ережесінің 14-тармағы екінші абзацының 5), 8), 12), 13), 14), 32), 34), 35), 38) тармақшалары талданатын саланы тікелей реттейді*);

3) «Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысы;

4) «Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысы;

5) «Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда қасалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысы;

6) «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысы;

7) «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысы.

Нысаналы топтар:

- екінші деңгейдегі банктер;
- Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары;
- Ұлттық пошта операторы;
- банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға (*бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар*);

- қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар (*бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар*).

Саласының (кіші саласының) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі. Ұлттық Банктің қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау - қадағалау функцияларын жүзеге асыруы:

- екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және инкассаторлық ұйымдарда қолма-қол ақшамен кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру және реттеу және бақылау;

- кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын, екінші деңгейдегі банктерді, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Ұлттық пошта операторын, инкассаторлық және уәкілетті ұйымдарды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын үй - жайлар құрылымының сәйкестігі;

- лицензиялау нормаларына, оның ішінде инкассаторлық ұйымдардың біліктілік талаптарына сәйкестігі арқылы жүзеге асырылады.

Мақсат: Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін ел аумағында қолма қол ақша айналымын ұйымдастыруды қамтамасыз ету

Міндет: Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналымы саласындағы қаржы нарығы субъектілерін реттеуді қамтамасыз ету.

Объект: қолма-қол ақшамен кассалық операциялар және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операциялары.

Субъект: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Ұлттық пошта операторы, инкассаторлық және уәкілетті ұйымдар.

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдауы

p/c №	Талданатын заңнама саласының (кіші саласының) уақытша кезеңі	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып)	Түзету негіздері және бастапқыда айтылған мақсаттар	Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері)
1.	2020 – 2025 жж.	Ұлттық Банк туралы заң (қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу бөлігінде)	Ұлттық Банк туралы заңда Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылатындығы, сондай-ақ банкноттар мен монеталарды айналысқа шығаруды, олардың айналысын ұйымдастыруды және Қазақстан Республикасының аумағында айналыстан алып қоюды тек Ұлттық Банк жүзеге асыратындығы белгіленген. Осыған байланысты және Ұлттық Банкке ел аумағындағы қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыруды заңнамалық тұрғыдан бекіту және оны бірыңғай бизнес-процесс ретінде реттеу үшін Ұлттық Банк туралы заңда оның көрсетілген функциясы бекітілген (<i>8-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы</i>). Халықты қолма-қол ақшамен уақтылы және тиісінше қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін Ұлттық Банк қолма-қол ақшамен кассалық операцияларды және банкноттарды,		

		монеталар мен құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай талаптарды бекітеді, оның ішінде инкассаторлық ұйымдарға лицензия береді, сондай-ақ кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын үй-жайлар құрылғыларының қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары. Бұл ретте, қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу кассалық тәртіпті арттыруға, қаржы ұйымдары қызметкерлерінің тікелей өмірі мен денсаулығына байланысты оқиғаларға жол бермеуге және оларға сеніп тапсырылған ел халқының құндылықтарының сақталуына бағытталған. 2020 – 2021 жылдары қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу бөлігінде заңнамаға тұжырымдамалық өзгерістер енгізілмеген. 2022 жылы Ұлттық Банк туралы заңға мыналарды жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізілді: 1) инкассаторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары. Атап айтқанда, 2022 жылы Ұлттық Банк туралы заңға қосымша: инкассаторлық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанына, жарғылық капиталды қалыптастыру мөлшері мен тәртібіне қойылатын талаптар, банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды тікелей инкассациялауды жүзеге асыратын инкассаторлық ұйымның құрылтайшыларына (қатысушыларына) және қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілді; 2) инкассаторлық ұйымдарға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі. 2022 жылы Ұлттық Банк туралы Заңға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің кіші түрлері бекітілді, өтініш берушілерді тыңдау рәсімі, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) талаптарына сәйкес шағымдану тәртібі көзделген; 3) инкассаторлық ұйымдардың банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау, сақтау және инкассациялау жөніндегі қызметін ұйымдастыру (арнайы жарақтандырылған құралдарды қолдану тасымалдау қайта есептеу, сұрыптау және сақтау талаптарын оңтайландыру және т.б.). Қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу мәселелері бойынша Ұлттық Банктің ведомстволық нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі-НҚА) енгізілген өзгерістер, әдетте, оларды Ұлттық Банк туралы заңға және өзге де жоғары тұрған НҚА-ға түзетулерге сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты болады. Бүгінгі таңда Ұлттық Банк Басқармасының талданып отырған заңнаманың кіші саласын реттейтін 5 қаулысы қолданылады. 2023 жылы Ұлттық Банктің талданып отырған кіші саланы реттейтін ведомстволық актілеріне оларды ӘРПК
--	--	---

		жаңартуларына сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер енгізілді. 2024 жылы Ұлттық Банктің НҚА-да екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, инкассаторлық және уәкілетті ұйымдардың күй-жайларын күзетуді және орналастыруды ұйымдастыру мәселелерін регламенттейтін ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келтірілді, онда үй-жайларды бұзу және ену қаупінен қорғаудың өзекті әдістері баяндалды. 2025 жылы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банк туралы Заңның 8 және 15-баптары қайта қаралды, Ұлттық Банктің функциялары мен өкілеттіктерін регламенттейтін Ұлттық Банк туралы ереже жаңа редакцияда жазылды. Бұл ретте талданатын кіші саланы реттеу жөніндегі функциялар бөлігінде тұжырымдамалық өзгертулер енгізілмеді. Осылайша, қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу бөлігіндегі ретроспективті талдау заңнаманың нормалары екенін көрсетеді: - Қазақстан Республикасында қолма-қол ақша айналымын жүзеге асыру саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді; - Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасындағы қолма-қол ақша айналымын реттеу және бақылау саласындағы саясатын тиімді нормативтік қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді; - Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін ел аумағында қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.
--	--	--

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдау

р/с №	Мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы	Мақсаты (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажет нәтиже)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін мақсаттың атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)	Мақсаттарға қол жеткізу құқығының нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік береді). <i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>
-------	---	---	--	--	---

Ұлттық Банк Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген Ұлттық Банктің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарымен қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын реттеу мәселелері бойынша жекелеген стратегиялық мақсат (нысаналы индикатор) көзделмеген.

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдау

р/с №	Халықаралық шарттың атауы	Қазақстан Республикасының Міндеттемесі (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)
				<i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыруды жүзеге асыру бөлігінде Қазақстанның міндеттемелері көзделмеген.

V. Құқық қолдану практикасын талдау

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Проблемалық мәселелердің сипаттамасы	Ақпарат көздері	Қабылданған немесе қабылданатын шаралар
1	Ұлттық Банк туралы заң, Ұлттық Банк Басқармасының қаулылары	Қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функциялары мәселелерін реттейтін нормалар	Жалпы, заң нормаларын және Ұлттық Банктің ведомстволық НҚА іске асыру кезінде бірыңғай құқық қолдану практикасы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте реттеу субъектілері заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін Ұлттық Банкке жүгінеді. Әдетте, келіп түскен сұраулар жеке немесе заңды тұлғаның нақты жағдайына байланысты. Ұлттық Банкке жүгінетін негізгі мәселелер: - кассалық операцияларды жасау бойынша құжаттарды ресімдеу мәселелері; - құндылықтарды сақтау мәселелері; - біліктілік талаптарының нормаларын сақтау; - банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жөніндегі мәселелер;	«Е-Otinish» ақпараттық жүйесі	2025 жылдың 1 жартыжылдығында Ұлттық Банкке жеке және заңды тұлғалардан Ұлттық Банктің қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша 19 сұрау түсті. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Ұлттық Банк өтініштерде сұратылатын заңнама нормаларына түсініктеме береді.

			- операцияларды жүзеге асыру кезіндегі цифрландыру мәселелері; - кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жасау кезінде оңтайландыру мәселелері; - кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған үй-жайларды орналастыру бойынша сұрақтар және т. б.		Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын жабады және қосымша іс-шаралар өткізуді талап етпейді.
--	--	--	---	--	---

VI. Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылығы

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Енгізілген өзгерістің және (немесе) толықтырудың негіздемесі
	Конституциялық заңдар, кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар			
	-			
	Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары			
	-			
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары			
	-			
	Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер			
1.	«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел	«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және	11-тармақ, 13-тармақтың 3) тармақшасы, 13,14,16,17, 22 және 23-тармақтары	Өзгерістер жекелеген нормаларды (кассалық тораптың үй-жайларына қатысты) ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында енгізілді, онда үй-жайларды бұзу және ену қаупінен қорғаудың өзекті әдістері баяндалған. Сонымен қатар, қаржы ұйымдары үшін 2 жыл ішінде (ресми жарияланған сәттен бастап) және Ұлттық пошта операторы үшін 5 жыл ішінде өтпелі кезең қарастырылған.

валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысы	жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 88 қаулысы		
Саланың тұрақтылық дәрежесі: 0,6 (саланы тұрақты құқықтық реттеу)			

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығымен бекітілген Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес **құқықтық мониторинг жүргізу жылының алдындағы жыл құқықтық реттеудің тұрақтылық дәрежесін айқындау кезеңі болып табылады.**

Көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, талданатын кіші саланың тұрақтылық индексі есептеу кезінде 2024 – 2025 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңнамалық және заңға тәуелді актілердің саны ескерілді.

Атап айтқанда, 2025 жылы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банктің функциялары мен өкілеттіктерін регламенттейтін Ұлттық Банк туралы Заңның 8 және 15-баптары қайта қаралды, Ұлттық Банк туралы ереже жаңа редакцияда жазылды. Бұл ретте талданатын кіші саланы реттеу жөніндегі функциялар бөлігінде мазмұндық өзгерістер енгізілмеген (*ережелерді заттай өзгертпей, оңтайландыру мақсатында кейбір баптардан басқаларына қолма-қол ақша айналымы саласындағы Ұлттық Банктің бақылау-қадағалау функциялары туралы нормаларды ішкі құрылымдық көшіру жүзеге асырылды*).

Анықтама.

Заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын мынадай формула бойынша қосу жолымен айқындалады:

$$S_{жалпы} = S_z + S_u + S_{pp} + S_v,$$

$S_{жалпы}$ – заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі;

S_z - заңдардың, заңнама саласын (кіші саны) реттейтін заңдардың тұрақтылық индексі;

S_u - Қазақстан Республикасы Президентінің заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық жарлықтарының тұрақтылық индексі;

S_v - заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі.

$$S_v = \frac{A_v / B_v}{30} * 100,$$

онда:

AV = заңнама саласын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны (1);

BPP = заңнама саласын реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны (5);

30- нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

Ведомстволық НҚА тұрақтылық индексі:

$$S_v = (1/5)/30 * 100 = 0,6$$

$$S_{жалпы} = 0+0+0,6 = 0,6$$

VII. Құқықтық талдау

р/с №	Құқықтық мониторинг жүргізу барысында анықталған нормативтік құқықтық актінің түрі, қабылданған күні, нөмірі және атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі (бөлігі, абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы)	Анықталған кемшіліктің сипаттамасы	Анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын немесе қабылданған шаралар (оның ішінде нормативтік құқықтық акт жобасының атауы, әзірлеу немесе келісу сатысы)
1	2	3	4	5
Қарама-қайшы нормалар				
1	-			
Қазақстан Республикасының Конституциясына әлеуетті түрде сәйкес келмейтін нормалар				
2	-			
Ескірген нормалар				
3.1.	«Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды	Кіріспе, 1, 2, 7-тармақтар, 2-1 параграфпен, 4-1, 4-2 қосымшалармен толықтыру	1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ заңға сәйкес және «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банктің НҚА бекіту	«Қолма-қол ақша айналымы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» Ұлттық Банк Басқармасының қаулысының жобасы әзірленді. Қаулы жобасы Ұлттық Банкте ішкі келісу сатысында тұр және оны жария талқылау үшін сыртқы ресурстарға

	инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысы		жөніндегі өкілеттігі Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстырылды. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII Заңына сәйкес «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тақырыбына	орналастыру жоспарлануда.
3.2.	«Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысы	НҚА толығымен	өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларында жоғары тұрған НҚА-ға сілтеме нормаларын өзектендіру талап етіледі. Сондай ақ реттеуді оңтайландыру мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен басқарманың 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысын 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысымен шоғырландыру жоспарлануда.	
3.3.	«Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысы	Кіріспе, 1-тармақ және 2-тармақтың 10) тармақшасы.		
3.4.	«Қызметін Қазақстан	Кіріспе және 1-тармақ	«Қазақстан Республикасының кейбір	Ұлттық Банк Басқармасы

Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысы		заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ заңға сәйкес және «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банктің НҚА бекіту жөніндегі өкілеттігі Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстырылды. Осыған байланысты Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларында жоғары тұрған НҚА-ға сілтеме нормаларын өзектендіру талап етіледі.	қаулысының сілтемелік нормаларды өзектендіру жөніндегі жобасы әзірлеу сатысында.
3.5. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын	Кіріспе жіне 1-тармақ	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ заңға сәйкес және	Ұлттық Банк Басқармасы қаулысының сілтемелік нормаларды өзектендіру жөніндегі жобасы әзірлеу сатысында.

	заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысы		«Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін Ұлттық Банктің НҚА бекіту жөніндегі өкілеттігі Ұлттық Банк туралы ереже деңгейіне ауыстырылды. Осыған байланысты Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларында жоғары тұрған НҚА-ға сілтеме нормаларын өзектендіру талап етіледі.	
Сыбайлас жемқорлықпен байланысты нормалар				
4	-			
Қайталанатын нормалар				
5	-			
Құқық нормаларының олқылықтары				
6	-			
Артық бланкеттік және сілтеме нормаларының болуы				
7	-			
Өзге (болған жағдайда)				
8	-			
Барлығы: (саны анықталған құқық кемшіліктері): 5				

VIII. Қорытындылар мен ұсыныстар

Қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыруды реттейтін заңнамаға жүргізілген талдау тұтастай алғанда осы саладағы қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеудің тиімділігін көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер серпіні саланың тұрақты құқықтық реттелуін көрсетеді. Талданатын кіші саланы реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізу қасалық тәртіпті

арттыру, қаржы ұйымдары қызметкерлерінің тікелей өмірі мен денсаулығына байланысты жағдайларға жол бермеу және оларға сеніп тапсырылған құндылықтардың сақталуына, сондай-ақ ведомстволық актілерді жоғары тұрған НҚА-ға сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты.

Ұлттық Банктің құзыреті шегінде реттеудегі тұжырымдамалық олқылықтар, құқық қолдану практикасындағы проблемалық мәселелер, Талданатын саладағы қаржы нарығының субъектілері үшін нормативтік кедергілер байқалмайды.

Сонымен қатар, атап айтқанда «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы шеңберінде «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» (бұдан әрі – мемлекеттік реттеу туралы Заң) және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қадағалауды күшейту бөлігінде ілеспе түзетулер пысықталуда қаржы ұйымдарының қызметін бақылау көзделеді:

- тексерілетін субъект тексеру материалдарына қосу үшін барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды, олардың көшірмелерін қоса алғанда, беруден бас тартқан жағдайда тәуекел дәрежесін бағалау, жоспардан тыс тексеру негізінде тексеруді тану мүмкіндігін енгізу (тексерілетін субъектінің бұл міндеті мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-3-бабы 6-тармағының екінші бөлігінде көзделген);

- тексерілетін субъектінің тексеру материалдарына қосу үшін құжаттар мен мәліметтерді (көшірмелерін алу мүмкіндігімен), оның ішінде электрондық түрде ұсыну қажеттілігін бекіту;

- тексеруші қызметкерлердің тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау нысанасына жататын аудио, фото - және бейнетүсірілімді жүзеге асыру және техникалық бақылау құралдарының, бақылау және тіркеу аспаптарының, фото-, бейнеаппаратураның жазбаларын пайдалану өкілеттіктерін бекіту (Кәсіпкерлік кодекстің 154-бабы 1-тармағының 2-1) және 2-2) тармақшаларында көзделген нормаларға ұқсас).

Аталған шаралар құқық қолдану практикасына негізделген және Ұлттық Банктің қолма-қол ақша айналымы саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған.

IX. Құқық нормаларының анықталған кемшіліктерін жоюға бағытталған шаралар туралы ақпарат.

р/с №	Актінің атауы	Әзірленген ұсыным	Іске асыру мерзімі
	1) «Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысы; 2) «Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысы; 3) «Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда қасалық	- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30	Регламенттелмеген, ағымдағы нормашығармашылық қызмет тәртібінде

операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысы; 4) «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 266 қаулысы; 5) «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысы.	маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ заңға, - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 219-VIII ҚРЗ заңға сәйкестендіру мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларында келтірілген нормативтік құқықтық актілерге сілтеме нормаларын қабылдауға байланысты өзектендіру.	
---	--	--

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары**

Д. Вагапов

